

# Әмбебап асүйлік ыдыс-аяғы

Tupperware әмбебап асүйлік ыдыс-аяқ жинағын таңдағаныңызбен құттықтаймыз.



## Ерекшеліктері мен артықшылықтары

Тот баспайтын болаттан жасалған жоғары сапалы табалар күнделікті және ерекше тағамдарды дайындауға көмектеседі. Шеф-аспазшылар мақұлдаған, тұтынушылар жақсы көреді! Жақсы жобаланған 3 қабатты тот баспайтын болаттан жасалған 304 ыдыс-аяқ сізге көптеген жылдар бойы рахат сыйлайды! Аспазшыға лайықты нәтижелерге қол жеткізу үшін сізге осы әмбебап ыдыс қажет болады.

## Бұл өнім жарамды:

			
Газ	Электрлік	Керамикалық	Индукциялық

Асүйлік ыдыс-аяқтың түбі үш қабатты тот баспайтын болат пен алюминийден тұрады, бұл біркелкі әрі тиімді жылу өткізгіштікті қамтамасыз етеді.

Күйдірмейтін төсемі бар асүйлік ыдыс-аяқ тағамды оңай шығаруға және майдың минималды көлемімен әзірлеуге мүмкіндік береді.

## Пайдалану және күтім

- Асүйлік ыдыс-аяқ нұсқаулығын мұқият оқып шығып.
- Кез келген жапсырма бар болса, оларды алып тастаңыз. Жаңа асүйлік ыдыс-аяқты алғаш рет пайдалану алдында әрдайым жуып шайыңыз.
- Асүйлік ыдыс-аяқ түбінің диаметрі пайдаланылатын асүй плитасының диаметріне сәйкес келуі тиіс.
- Асүйлік ыдыс-аяқта тұзды суды қайнатқан кезде қайнап тұрған суға әрдайым тұз қосыңыз және оның суда біркелкі таралуына көз жеткізіңіз. Бұл желіну қаупін азайтады.
- Өнімді қысқа толқынды пеште, ашық от үстінде, гриль үстінде немесе бройлер құрылғысының астында пайдалануға болмайды.
- Пеште пайдаланбаңыз, себебі тұтқалар балқып кетуі мүмкін.
- Асүйлік ыдыс-аяқтың бос бөлігін ыстық плитада қалдырмаңыз немесе табаның қайнап суалуына жол бермеңіз.
- Асүйлік ыдыс-аяқтағы ыстық майға ешқашан су құймаңыз.
- Асүйлік ыдыс-аяқты құлатып алмаңыз. Түсіріп алу таба деформациясына алып келуі мүмкін.
- Қақпақтар шыңдалған шыныдан жасалғанына қарамастан, құлаған жағдайда сынуы мүмкін, сондықтан оларды абайлап қолдану керек.
- Күйдірмейтін төсемі бар қуыру табаларын алғаш рет пайдалану алдында аздап майлаңыз. Аэрозольді ас әзірлеу бүркігіштерін пайдалануға болмайды, себебі олар жабысқақ тұнба қалдырып, тағамның жабысуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Асүйлік ыдыс-аяқтың жоғары сапалы күйдірмейтін төсемін қорғау үшін, өнімде металл немесе ұшы өткір керек-жарақтарды пайдалануға болмайды, себебі бұл күйдірмейтін төсемді зақымдайды.
- Асүйлік ыдыс-аяқ үшін қол миксерін пайдалануға болмайды, өйткені бұл күйдірмейтін төсемді зақымдайды.
- Ыдысты пайдаланған кезде әрқашан пешке арналған қолғаптарды пайдаланыңыз, себебі тұтқалар пайдалану кезінде қызуы мүмкін.
- Асүйлік ыдыс-аяқтың сыртқы және ішкі беттерін қорғау мақсатында табалар арасына әрдайым мата қойыңыз.
- Асүйлік ыдыстың күйдірмейтін төсемі қабыршақтана бастаса, оны төсемсіз пайдаланбаңыз.
- Тамақ ішетін үстелге немесе жұмыс үстеліне ыстық асүйлік ыдыс-аяқты қойғанда әрдайым үйкекті пайдаланыңыз.
- Асүйлік ыдыс-аяқтың тұтқасы босап қалса оны пайдаланбаңыз, себебі ол асүйлік ыдыс-аяқтан ажырап, жарақат алуға немесе өнімнің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

## Тазалау нұсқаулары

- Асүйлік ыдыс-аяқты тазаламас бұрын оның біртіндеп сууына мүмкіндік беріңіз. Ыстық табаны суық сумен шаймаңыз, бұл ыстық майдың шашырауына немесе будың пайда болуына себеп болып, жарақаттарға әкеледі.
- Асүйлік ыдыс-аяқты жуғыш зат құйылған ыстық суға жібітіп қою арқылы жабысқан немесе қатып қалған тағамды алып тастаңыз.
- Тек абразивті емес, хлорлы емес тазартқышты губкамен, нейлонды қырғыш қылшақ немесе Tupperware микроталшықты сүлгісі көмегімен пайдаланыңыз.
- Асүйлік ыдыс-аяғыңызды тазалау үшін болат жөкесін немесе металл өнімдерін пайдалануға болмайды, өйткені олар өнімді сырып тастайды.
- Өнімді ыдыс-аяқ жуатын машинада қолдану қауіпсіз болғанына қарамастан, қолмен жууды ұсынамыз, себебі өнім ыдыс-аяқ жуу циклі кезінде басқа табалармен немесе металл беттермен жанасқанда зақымдалуы мүмкін.
- Күшті дақтарды кетіру және бетті жылтырату үшін арнайы тот баспайтын болат тазалағышын пайдаланыңыз. Сыртқы беттің айналы жылтырына сызаттарды түсірмеу үшін ысқыштың жұмсақ жағын пайдаланып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.

## Қауіпсіздік нұсқаулары

- Пайдалану кезінде балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.




- Тұтқаларды ешқашан тікелей жылу көзінің үстінде қоюға болмайды (А сур. қараңыз)



А сур.

- Газ плитасынан шыққан отты ешқашан ыдыстың бүйіріне көтерілуге жол бермеңіз. Газ плитасында теңгерімді ұстап тұру үшін ұзын тұтқалардың торлы тіс үстіне орналастырылғанына көз жеткізіңіз (В сур. қараңыз).



В сур.

## Ас әзірлеу нұсқаулары

- Тот баспайтын ішкі жағымен қуыру үшін ет жабысуының алдын алу және қызартуын оңтайландыру мақсатында дұрыс температураға қол жеткізу қажет. Ешбір майы жоқ алдын ала қыздырылған тот баспайтын таба бетіне су тамшыларын шашырату арқылы температураны тексеріңіз. Егер тамшылар сырғанай бастаса, бұл табаңыздың дұрыс температураға жеткенін білдіреді.
- Тағамды қоспас бұрын, асүйлік ыдыс-аяқты аздап маймен 1-2 минут орташа отта қыздырып алыңыз.
- Маймен әзірлейтін болсаңыз, шашырау қаупін азайту үшін алдын ала қыздырылған табаға бөлме температурасындағы майды қосыңыз.

## Қуатты үнемдеуге арналған кеңестер

- Ас әзірлеу уақыты аяқталғанға дейін асүй плитасын бес минут бұрын өшіріп қойыңыз. Табаның капсулданған түбі ас әзірлеу процесін аяқтау үшін өзін айтарлықтай ыстық күйде сақтайды.
- Жұмыс үшін дұрыс өлшемді таңдаңыз; табаңызды 2/3 сыйымдылығымен толтыру үздік шешім болып табылады.
- Қуатты үнемдеп, қоршаған ортаны сақтауға көмектесу үшін ыдыс-аяқ жуатын машинада төмен температураны пайдаланыңыз.

## **Tupperware міндеттемесі**

Біздің өнімдер біздің айналамыздағы әлемге әсер етуді қалайтынымызды көрсетеді. Tupperware компаниясында біз барлық өнімдерді пластик пен тағам қалдықтарының санын азайту мәселесін ескеріп жасаймыз. Уақыт сынақтарын өтетін сапалы, ұзақ және қайта пайдалануға болатын өнімдерді жасап, біз планетамыздың, адамдарымыздың және біз тұрып жатқан және жұмыс істейтін қоғамдардың ұзақ өмір сүру үшін қалдықтарды азайту жөніндегі миссиямызды қолдаймыз.

Tupperware әмбебап асүйлік ыдыс-аяғы үшін өнімді нұсқауларға және әдепкі тұрмыстық қолданыс жағдайларына сәйкес пайдаланған кезде ықтимал кез келген материалдық немесе өндірістік зақымдарға Tupperware кепілдігі беріледі.

Бұл кепілдік пайдаланылған немесе өтпейтін жүздерді ауыстыруды, сондай-ақ өнімді ұқыпсыз не дұрыс емес пайдалану нәтижесінде өнім тотын немесе өзге зақымын қамтымайды.

Егер өніміңізге кепілдік берілсе, кепілдік берілуінің толық сипаттамасын алу үшін еліңізде қолданылатын кепілдік шарттарын қараңыз.

Сіздің Tupperware өніміңіз қайта-қайта пайдалануға арналған. Қандай да бір себепке байланысты өніміңіз зақымдалып, оған кепілдік берілмесе, немесе өніміңіз енді қажет болмаса, мойныңызға жауапкершілік алып, оны қайта өңдеңіз, немесе көмек керек болған жағдайда бізге хабарласыңыз.

**[www.tupperwarebrands.com](http://www.tupperwarebrands.com)**